

## Әдебиеттер тізімі

1. **Баундер А.** Новые информационные технологии образования. Вашингтон, изд. Share; 2015; 14(2): 214-224
2. **Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д.** Общие принципы педагогики и современные инновации. М.: Издательский Дом «Просвещение»; 2016, с. 35
3. **Тюнников Ю.С.** Анализ инновационной деятельности общеобразовательного учреждения: сценарий, подход/ Ю.С. Тюнников// Стандарты и мониторинг в образовании. 2015. № 5.

ӨОЖ 37 (092)

### Ы.АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

**Хамзина К. Б.** – педагогикалық ғылымдар магистрі, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

**Макатова А. А.** – 7M02301 – Қазақ филологиясы, мамандығы бойынша магистратурада білім алушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

Мақалада Ы.Алтынсарин шығармаларында көрініс тапқан педагогикалық идеялар мен ойлардың маңыздылығы қарастырылды. Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі арқылы педагогикалық оқытудың маңызды тұстары сипатталды. Өзге зерттеуші-ғалымдардың Ы.Алтынсариннің ағартушылық ой-пікірлері жайлы көзқарастары жинақталып, өзіндік қорытындылар жасалынды.

Түйінді сөздер: жаһандану, білім, өнер, педагогикалық мәселелер.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде «...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», – деген болатын. Осы тұжырымды негізге ала отырып, біз санамыз бен ойымызды жаңғырта отырып, жаңаша дүниелерге барынша тезірек бейімделуіміз керек. Жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Демек, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың қайнар көзі – ұлттық мұрамыз, соның ішінде қазақтың тұңғыш ұстазы, педагог Ы.Алтынсарин мұрасын талдау, шығармашылығы арқылы ұлттық ерекшелікті, ұлттық құндылықтарды насихаттау. Ы.Алтынсарин шығармашылығын талдай отырып, оның педагогикалық ғылымдағы идеялары мен пікірлерінің маңыздылығын сипаттау міндетін алдымызға қойдық.

Кез-келген қоғам үшін педагогикалық ғылымның қалыптасуы мен дамуы маңызды. Дәл осы ғылым саласы – халықтың сауатын ашып, білімдендіру процесін іске асырады. Педагогикалық идеялар мен көзқарастардың дамуы әр қоғамда әртүрлі кезеңдерде жүргізілді. Қазақ қоғамында педагогикалық көзқарастар мектебі де өзінше дамыды. Ұлттық мектептің іргесін салушылардың бірі – Ы.Алтынсарин. Бүгінгі күн тәртібіндегі басты мәселе – Ы.Алтынсарин шығармаларын қазіргі жаһандану процесімен байланыста, бірлікте зерделеу. Себебі, қоғам даму үстінде, қоғам дамыған сайын білім беру жүйесінде өзгерістерге ұшырайды. Алайда, Ыбырай ұсынған педагогикалық көзқарастар әлемдік тәжірибедегі озық инновациялармен сабақтас. Шығармаларындағы оқу, білімді меңгерту ойлары жаһандану үрдісімен байланысты, сол үшін де білім беру саласында құнды. Себебі, жаңғырудың түпкі мақсаты мемлекетті өзін-өзі дамытуға және өз механизмдерін тұрақты жаңалап отыруға қабілетті жүйеге айналдыру, уақыт талабына сәйкес келтіру болып табылады [1, 12].

Әлемдік тәжірибеде білім беру – өмірде меңгерген білімдерін пайдалануға бағытталған. Жаһандану – бұл ұлттар мен халықтардың жақындасуының тарихи процесі, олардың арасында біртіндеп дәстүрлі шекаралар мен адамзат біртіндеп біртұтас саяси жүйеге айналады. XX ғасырдың ортасынан бастап, әсіресе соңғы онжылдықта жаһандану үрдісі қоғамға сапалы әсер етті. XXI-ғасырдың шынайы кілті жаһандану білім саласына келді. Соның арқасында әлемдік экономиканың интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы оның пайдалану өрісінің кеңейгені белгілі. Негізгі мектептегі білім алу ғылымның іргетасы және мемлекет дамуының алтын қазығы. Тәуелсіз еліміздің кезең-кезеңмен атқарып жатқан білім саласындағы іс-шаралары мемлекеттің өре мен қуатының ізденісін аңғартады. Жаһандану заманында интеллектуалды азамат қалыптастыру, қойылған міндеттер бойынша жастардың дүниетанымын өзгертіп, олардың жаңаша ойлау қабілетін арттыруға, білімге деген құштарлығын оятуға, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағытталып отыр, бәсекеге қабілетті азаматтарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын, мәдениетін алға тартатын күш ретінде орнықтыруға да байланысты. Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау, білім мен ғылымның халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман даярлау [2, 30].

Жоғарыда берілген ақпараттар әлемдік білім беру жүйесінде кеңінен жүзеге асырылады. Аталған мәселелер Ы.Алтынсариннің шығармаларында көрініс тапқан. Оның әрбір өлеңдері мен әңгімелері қазіргі педагогикалық ғылымдағы маңызды мәселелерді сипаттайды. Оны төмендегідей шығармалар негізінде саралай отырып, талдасақ. Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі педагогикалық идеяларды ұштастырған, мазмұны терең туынды болып табылады. Өлеңнің алғашқы тармағындағы жолдарға назар аударсақ.

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды;  
Айшылық алыс жерлерден,  
Көзіңді ашып - жұмғанша,  
Жылдам хабар алғызды [3,14].

Бұл өлең жолдарынан Ы.Алтынсариннің «өнер», «білім» түсініктеріне тереңірек көңіл бөлгендігін байқаймыз. Дәл осы «өнер», «білім» дағдыларын меңгерген азаматтардың мүмкіндіктерінің зор болатындығын дәлелдейді. *Тастан сарай салғыза алу, айшылық алыс жерден жылдам хабар алғызу* сынды іс-әрекеттерді орындай алатындығын мысалмен көрсетеді. Ыбырай бұл мысалдар арқылы қазіргі замандағы жаһандану процесінен көрініс береді. Кез-келген жетістікке тек «білім», «ғылым» арқылы жетуге болады деген көзқарасты бекіте, дәлелдеген. Расыменде, әлемдік білім беру жүйесінің басты көздейтін мақсаты – тұлғаның өз білімдерін өмірде пайдалану білу. Ыбырай осы мақсатты өз өлең жолдарында мақсат тұтып, назар аударған. Ыбырайдың педагогикалық көзқарастары оның шығармаларында ерекше сипатталған. Қазіргі күні озық дамыған елдердің бағдарламаларын, білім беру стратегияларына сүйене отырып, барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктер мен ашық қоғамды қалыптастыруға назар қойылуда. Ыбырай білім алу процесі мен білім берудің маңызын жаңаша пайымдаулар тұрғысынан саралаған. Келесі өлең жолдарымен танысу кезінде, бұған толықтай көзімізді жеткізе аламыз. Себебі, бүгінгі күні жаңа ғылыми-техникалық революция кезеңіне аяқ бастық. Ал оның барлығы білім мен өнердің нәтижесі. Ыбырай Алтынсарин тек білім мен өнердің маңыздылығын атап өтпейді, сол білім мен өнерді дағды мен қолданысқа енгізе алу мәселелері туралы сөз қозғайды. Практикалық қолданысқа енгізілген білім ғана өз нәтижесін толықтай көрсете алады. Төмендегі өлең жолдарына назар аударсақ, тұлғаның өз білімі мен дағдылары арқылы жүзеге асырған іс-әрекеттердің адам сенгісіз нәтижелерге жеткізетіндігі туралы жазады. Яғни,

Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.  
Адамды құстай ұшырды;  
Мал істейтін жұмысты  
От пен суға түсірді;  
Отынсыз тамақ пісірді,  
Сусыздан сусын ішірді... [3,14]

Бұдан шығатын қорытынды, Ы.Алтынсариннің осы секілді шығармалары – білім беру үрдісінде аса маңызды. Себебі, шынайы өмірден алынған мысалдармен оқытуды жүргізу – тыңдаушылардың тақырыпты тереңірек меңгеруі мен талдау жасау дағдыларын жақсартады. Екіншіден, Ы.Алтынсариннің шығармалары жаһандану процесімен тығыз байланысты. Ы.Алтынсарин мұрасында педагогикалық көзқарастар ерекше көрініс тапқан. Үшіншіден, өнер-біліммен қатар, тәрбиенің маңыздылығына назар аударған. «Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай» деген жолдарының негізгі мазмұны осы тәрбиемен ұштасады. Тәрбиенің қайнар көзі – еңбек. Еңбектену, өз мүмкіндіктерінді толыққанды пайдалану, еріншектікке салынбау қасиеттері жайлы сөз етеді. Жалпы алғанда, Ыбырай мұрасының құндылығы – оның білім, тәрбие және өмірмен байланыста қарастыру сынды көзқарастарының көптігі. Себебі, білім беру үрдісінде аталған үш компоненттің біртұтастықта, бірлікте болуына көңіл бөлінеді.

Жоғарыда талдауға түскен «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі қазіргі замандағы білім беру мен Ыбырай заманындағы ағартушылық ісінің ұқсастығын байқатады. Оқу-тәрбие жұмыстарында Ы.Алтынсариннің мұрасын талдай отырып оқыту білім алушы жастардың білім беру үрдісіне жаңаша леп әкеліп, өзіндік ұстанымдары мен көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы жайында жазылған Ыбырай мұрасын зерттеушілердің ой-пікірлеріне назар аударсақ. Белгілі ғалым Ө.Сыдықовтың «Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары» атты еңбегі – ұлттық педагогиканың дамуына өзіндік үлес қосқан қомақты зерттеу. Ол ағартушының «Қырғыз хрестоматиясын» бастауыш ғылыми білім берудің энциклопедиясы деп бағалайды. Ғалым Ө.Сыдықовтың аталмыш еңбегі Ы.Алтынсаринді әрі әдіскер, әрі мектептегі тәрбие ісі мен мектеп кітапханаларын ұйымдастырудың, оқулықтану мен мектепалудың негізін қалаушы ретінде танытады. Еңбектегі: «*Мектепте берілетін білім мен тәжірибені Ы.Алтынсарин формальдық білім беру жағынан емес, өмірге жанасымды, халыққа нақтылы пайда келтіру жағынан бағалайды*» деген жолдар Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиенің ХХІ ғасырдағы өзекті тақырыптардың бірі – әлеуметтендіру мәселесін сол кезде-ақ көрегендікпен көтере біліп, өз заманына лайықты нақты шешу жолдарын да таба алғандығын көрсетеді [4,77].

Ғалым Ә.Сыдықовтың пікіріне сүйене отырып, келесідей қорытындыға келеміз. Ыбырай мектептегі тәрбие және білім беруде басты фактор ретінде – әлеуметтендіру, өмірге дайындау және халыққа пайда әкеле алатын білім беруге назар аударған. Расыменде, қазіргі дамыған елдердің озық тәжірибелерімен салыстыра қарастырсақ, Ыбырайдың ұсынған педагогикалық көзқарасы өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Ыбырай атап өткен мәселелер – әлеуметтік таным тұрғысынан әлемдік тәжірибеде көрініс тапты. Сонымен қатар, аталмыш шығармалар білімді меңгеруде ғибратты, мазмұнды және тұлға бойындағы практикалық дағдыларды қалыптастыруда маңызды. Практикалық дағдылардың маңыздылығы туралы Ыбырай төмендегідей қорытындылар келтіреді.

«Ы.Алтынсариннің пікірінше мектептердегі білім беру міндеттері қоғамның, адамның өмірлік қажеттіліктерінен туындайды. Демек, мектеп *шынайы білімдер* беруі қажет, баланың адамгершілік тұрғысынан дамыта түсетін, ақыл-ой дамуының жетістіктерін қамтамасыз ететін мақсаттарды көздейді. Ы.Алтынсариннің мектептердің алдына қойған міндеттері туралы ойлары соншалықты көп, тіпті сыныптан тыс жұмыстар мен оқу процессінің шекараларынан асып түседі. *Оқушылармен әңгіме* деп аталатын жұмыс формасына ерекше мән берген. Оқушыларға білім беру кезінде, жалпы халықтық бастауыш білімдер шеңберінен тысқары шығып отырған. Мұғалімдердің оқу-әдістемелік әдебиеттер мен журналдардың қолданылуын міндетті шарт ретінде қарастырған. Ы.Алтынсарин мектепте берілетін білім, дағды сынды қасиеттерді формалдық білім беру тұрғысынан емес, *шынайы пайдалылық тұрғысынан, халық үшін пайдасы жағынан бағалады*» [4, 65].

Ыбырай білім беру жүйесінде «*шынайы білім*» және «*оқушымен әңгіме*» сынды жұмыс формасына ерекше мән бергендігін байқаймыз. Дәл осы көзқарастар бүгінгі дамыған елдердің тәжірибесінде кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы, Финляндияның білім беру жүйесінде тұлғаның білімді шынайы өмірде қолдана білу дағдылары бірінші кезектегі мәселе болып саналады. Осы тұста, Ыбырай ұсынған ой-пікірлер мен қазіргі әлемдік білім беру үрдісіндегі ұқсастықтарды атап өте аламыз. Сонымен қатар, «*оқушымен әңгіме*» атты жұмыс формасы да бүгінгі оқытуда маңыздылығын жойған жоқ. Керісінше, білім беру үрдісінде тек, ақпаратты ұсыну ғана жеткіліксіз, оқу мен тәрбиені егіз ұғымдай қатар қолданып, оқыту маңыздырақ.

Ыбырай Алтынсариннің дәл осы тұжырымдары қазіргі күні өте маңызды болып табылады. Шынайы пайдалы болу критерийі – өзге білім салаларында да алдыңғы кезекте көзделіп, қамтылған. Мысал ретінде, қазіргі STEM бағдарламаларын атап өте аламыз, себебі бұл бағдарламаның артықшылықтарының бірі – *нақты өмірдеғылыми-техникалық білімді қолдану*, сыни ойлау дағдыларын дамыту және проблемаларды шешу дағдылары [5,9] болып табылады. Демек, білім беру бағдарламаларында Ыбырай Алтынсариннің «*шынайы пайдалы болу критерийі*» толыққанды іске асырылып жатыр.

Қорыта келе, білім беру тарихи үдеріс, ол әрдайым дамып отырады. Қоғамның қалыптасуы тікелей білім ордасынан бастау алады. Үкімет білімнің жоғары стандарттарына қол жеткізуді мақсат етеді. Қазіргі күні озық дамыған елдердің бағдарламаларын, білім беру стратегияларына сүйене отырып, барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктер қалыптастыруға назар қойылуда. Қазақ халқының ұлттық мектебінің негізін салушы – Ыбырай Алтынсариннің білім беру үрдісіндегі маңызды ой-пікірлерін талдауға түсірдік. Ағартушылық іспен айналысқан кез-келген тұлғаның педагогикалық көзқарастары мен өзіндік тұжырымдары болады және олардың барлығы біз үшін құнды. Ы.Алтынсариннің қалдырған мұрасы қазақ ұлтының білім алу үрдісінің фундаменти іспеттес. Бүгінгі таңда педагогикалық ғылымның фундаменти дұрыс қолданылған кезінде білім беру жүйесі жақсырақ жүзеге асады. Сондықтан да, Ыбырай қалдырған мұраларды зерделеу маңызды.

Ы.Алтынсарин мұрасын зерделей отырып, оқыту процесіндегі ақпарат алмасу, сапалы білім алу қажеттіліктері бірінші орында. Осы жайында Ыбырай: «Қазақ мектептері – қазақтарға білім берудің басты құралы... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім берілетін болсын... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады», – дейді.

Ыбырайтанушылар Ыбырай мұрасын зерттелуінің жай-күйі жайында мынадай пікірлер білдіреді. Мысалы, Қожахмет Балахметов: «Ұстаздың бір ерекшелігі – соңында мәңгілік із қалдыратынында болса керек. «Адамдық диқаншысы» адамгершілік дәнін егіп, шәкіртін баптайды. Нағыз ұстаз адами асыл қасиеттердің алауын жағып, шәкіртінің білімге деген талап, ынта, құштарлық отын сөндіріп алмауға ұмтылады...» [6, 4], – деп Ыбырайдың ұстаздық тұлғасы жағынан бағалайды.

Ғалым Т.Ә. Қоңыратбай: «Ыбырай Алтынсарин тұлғасы мен қазақ тарихы – егіздің сыңарындай тұтас ұғым. Халық рухы мен атамекен үшін қан майданда батырлар қалай шайқасса, Ыбырай да идеологиялық майданда солай шайқасты. Ағартушының танымында дін мен білім, мектеп пен орта рухани мәдениеттің, бейбіт тіршіліктің көзі. Алтынсариннің жаңашылдығы – мұғалімді мәдениеттің жаршысы, сақтаушысы және жалғастырушы мұрагері санауында» [6, 5], – деп қазақ қоғамы мен Ыбырай арасындағы үлкен байланыс тұрғысынан бағалайды. Сонымен қатар, Ыбырай енгізген жаңашылдық жайлы тоқталады.

Ғалым Б.Аяған қазақтың ұлы ұстазы, ойшыл-ақынның шығармаларын талдау жай-күйі жайлы пікірлерін былайша білдіреді. «...Ыбырайдың барлық мұралары әлі жиналып біткен жоқ және өкінішке орай, бұл саладағы жұмыс белгілі бір жоспар бойынша жүргізілмей отыр. Ыбырай мұрасын жинап,

зерттеумен айналысып жүрген жекелеген ғалымдар бола тұрса да, олардың басын қосып бір бағытқа нұсқаушы ғылыми орталық жоқ деуге болады» дей келе, музей ашу қажет деп түйіндейді. Сондай-ақ Ы.Алтынсариннің ашпақ болған газетінің тіліне талдау жасап, оны қазақ баспасөзі тарихынан белгілі орын алатын, ұлттық жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйін танытатын бағалы құжат деп санауымен бағалы деп білеміз» [7, 82].

Қорыта келе, мақалада Ыбырай қалдырған ағартушылық ойлардың бүгінгі замандағы білім беру жүйесінде орны мен әлемдік білім беру жүйесіндегі ұқсастықтары тұрғысынан талданды. Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын тереңірек зерделеу арқылы оның білім беру саласына зор үлес қосқандығын түсінеміз. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ой-пікірлері, өмірлік тәжірибесі, өнегелі тағылымдары оқытушылар мен шәкірттерге өмірлік азық. Әлемдік білім беру жүйесі мен заман талабына сай құнды еңбектері тереңірек зерттеліп, жаңаша көзқарастар тұрғысынан көрініс табуы қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **«Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».** – Астана, – 106 бет.
2. **Қ.М. Нағымжанова, Р.Қ. Дүйсембінова, Л.С. Құлжабаева** «Қазіргі әлемдік жоғары білім беру жүйесі: Лекциялар жинағы». – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. 138 бет, ISBN 978-601-7871-67-3.
3. **Ы.Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар».** Өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер. – Алматы, «Жалын», 1991. 241 бет.
4. **Ә.С. Сыдықов** «Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» Қазақ ССР Оқу министрлігі мектептерінің ғылыми-зерттеу институты, Алма-Ата, 214 бет.
5. **STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар**, – Астана, 2017 жыл, 322 бет.
6. **Сүлейменұлы О.** «Ұстазға тағзым: «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі иегерлеріне арналған жинақ». – Астана: «Фолиант», 2017. 424 бет.
7. **Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы** /Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. 632 бет.

УДК 37.013.42

#### ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

**Чумбарева Л. И.** – *учитель начальных классов, КГУ средняя школа №5, Жамбылская область, Кордайский район, село Кордай.*

*Статья посвящена одной из актуальных тем в современном обществе-инклюзивному образованию детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях общеобразовательной школы. Раскрывает необходимость своевременного представления особых условий обучения и развития, выбора наиболее оптимального индивидуального подхода в системе образования.*

*Ключевые слова: психолого-педагогические консультации, индивидуальный план, острое мышление, интегративное обучение, комфортные условия, инклюзивное образование, адаптация, ученик и учитель, интегративное образование, социализация.*

Повседневные проблемы, жизненные потребности, быстрый обмен социальными изменениями требуют от нас высокую активность, быструю и большую ответственность. Значение психолого-педагогического сопровождения детей в современном социальном развитии, в период изменения ценностей и социальных норм, снижение влияния воспитания в семье родителей, бабушек и дедушек со временем становится востребованным. Меняются и позиции и парадигмы в отношениях между учителем и ребенком: вместо «ученик и учитель» начинает формироваться парадигма «человек и человек». Психолого-педагогическая поддержка детей заключается в том, что они помогают ребенку в достижении определенных целей, сохраняют его человеческие качества и ценности, помогают ему самостоятельно достичь себя в обучении, воспитывают себя и заводят близких друзей.

Психическое насилие со стороны родителей по отношению к особым детям также оказывает большое влияние на здоровье ребенка. Психологическое консультирование родителей о недопустимости психического насилия, их вовлечение в повседневную жизнь учителей-специалистов, как объясняют родители, и осуществление общих отношений организации и семьи, то есть нас с ними.

Ребенок – это постоянно растущий и развивающийся организм, обладающий своими морфологическими, физиологическими и психологическими свойствами, характерными для каждого возрастного периода. Каждый ребенок может находиться в разные периоды своей жизни, независимо от социальной ситуации, без своего желания в разных сложных ситуациях и нуждаться в помощи, под-